



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: Нұра ЖББМ
Топ/сынып мектепалды сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 2024-2025 оқу жылы мамыр айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
МАМЫР	Дене шынықтыру	-Судағы аэробика. - Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау. -жыл бойы жасап үйренген жаттығуларды ұқыптылықпен,шапшаңдылықпен орындай білуді қалыптастыру. -Дене жаттығуларын үнемі орындай білуге тәрбиелеу.
	Сөйлеуді дамыту	-Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. -Контактытырып сөйлеу - «Жаздың кезі көңілді»тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастырту. -сұрақтарға жауап беру арқылы сөздікқорларын толықтыру.
	Көркем әдебиет	-өлең мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, баяндау сипатын сезінуге баулу; -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету; -өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.
	Қазақ тілі	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру; -қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту.
	Сауат ашу негіздері	-дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзынжәне қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру; -сөздің сызбасын дұрыс тауып қоса білуге, сөйлем сызбасын сызу секілді дағдыларын бекіту;

		-бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.
Математика негіздері		-10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту. Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу біліктілігін; логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
Қоршаған ортамен таныстыру		-жобалық жұмыстар арқылы балалардың танымдық қызметін жандандыру. Олардың қабілеттері мен дағдысын бекіту; -тәжірибелік жұмыстарға деген қызығушылығын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту; -зерттеушілік және экологиялық сана-сезімін жетілдіру.
Сурет салу		-ауыл мен қала ерекшеліктері, құндылықтары туралы білімдерін бекіту, алған әсерлерін көрсете білуге үйрету; -кешкі қала көрінісін сезіне отырып, қағаз бетіне дұрыс орналастыруды үйрету; -жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу.
Мүсіндеу		-еңбек үрдісі арқылы бала қиялын жетілдіру; -қол-қимыл әрекеттерінің қозғалғыштығын, үйлесімділігін дамыту; -ұқыптылыққа, әсемдікке тәрбиелеу.
Жапсыру		-жіңішке бөліктердің киюдың жолдарын меңгерте отырып кию шеберліктерін шыңдау; -шығармашылық қабілеттерін дамыту, бірлесіп еңбек етуге, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу
Құрастыру		-бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыру, олардың бөлшектерін берік орнату және шығармашылық ойлауды дамыту; -берілген тақырыпқа сурет, фотосуреттер бойынша құрылыс салу оны сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. Өзі жасаған құрылысын талдау негізінде шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу.
Музыка		-музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру; -сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту.